

**8D08100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**  
**ұсынылған Берекетова Айнұр Мәлікқызының «Батыс Қазақстан облысының**  
**әртаратандырылған өсімдік шаруашылығы жүйесінде мақсары егістіктерін қалыптастыру»**  
**такырыбындағы диссертациялық жұмысъсна**  
**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация такырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесеме млекеттік бағдарламалар га сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе млекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаға толығымен сәйкес. Диссертация тіркеу номірі 0120РК00343 КР БФМ-нің Ғылым комитетінің 2020 жылдың 16 қарашасындағы № 308 келісім-шартына сәйкес АР08855595 «Батыс Қазақстанның әртаратандырылған өсімдік шаруашылығы жүйесінде мал азықтық дақылдардың және мақсарының агроландшафттарын қалыптастыру» гранттық қаржыландыру жобасы бойынша жүргізді.</p> <p>Жобаның орындалу басымды бағыты «Агроөнеркәсіптік кешенниң тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі».</p>
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады, ал оның маныздылығы ашылған	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маныздылығы ашылған.</p> <p>Алғаш рет Батыс Қазақстан облысы жағдайында зерттеулер негізінде мақсарының тиімді де онтайлы себу нормасы нақтыланған, алғаш рет Батыс Қазақстан облысы жағдайында мақсары дақылы егістігінде био-препараттар мен био-органикалық тыңайтқыштарды колдануға болатындығы анықталған және алғаш рет Батыс Қазақстан облысының күнгірт қарконың топырағының көрсеткіштерін жақсартуда мақсарыны жасыл тыңайтқыш немесе фитомелиорант ретінде пайдалануға мүмкін екендігі анықталған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары.	<p>Диссертациялық жұмысты орындауда ізденуші жоғары деңгейде жеке орындаушылық қабілетін көрсеткен, ғылыми-зерттеулерді орындауға кажетті жеткілікті көлемде практикалық және теориялық дереккөздерін талдаған. Изденуші ғылыми жұмыстардың жоспарын жасақтау, далалық тәжірибелерді салу мен жүргізу, тәжірибелдердегі судан шебінің өсіп-дамуына бакылаулар мен есептеулер жүргізу, алынған ғылыми деректерді талдау, статистикалық талдау, экономикалық және энергетикалық тұрғыда бағалау, ғылыми макалалар даярлап шыгару, зерттеу нәтижелерін өндіріске</p>

			енгізу сияқты маңызды да жауапты жұмыстарды өз бетінше аткарған. Ең бастысы диссертациялық жұмысты ізденуші толығымен өзі жазып орындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі май өндірісін тұракты май дәні шикі затымен қамтамасыз ету, өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға байланысты Батыс Қазақстан облысында мақсарының егіс көлемінің артуына орай және климаттың өзгеруімен жергілікті жердің табиғи климат ресурстарын толық пайдалану мақсатында мақсарының өсіру технологиясын зерттеумен байланысты.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды.	Диссертация мазмұны зерттеудің максаты мен міндеттерін толығымен айқындауды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді.	Зерттеу мақсаты диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Батыс Қазақстан облысы жағдайында өсімдік шаруашылығын әртараптандыруда пайдалану үшін мақсарының жоғары өнімді егістіктерін қалыптастыруболып табылады. Сол сияқты, зерттеу міндеттері де диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланыскан: 1) толық байланыскан.	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары бір-бірімен логикалық түрде байланыста жазылған және диссертация тақырыбын толық ашады. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жазылған, 151 беттік мәтін кіріспеден, әдебиетке шолуды, зерттеу нысандары мен әдістерін, зерттеу нәтижелерін қамтитын 6 тараудан, корытындыдан, өндіріске ұсыныстан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар.	Автор Батыс Қазақстан облысында мақсарының тиімді себу нормасын ұсынған. Сыни талдау жүргізу арқылы мақсарының өнімділік және экономикалық түрғыда өнір үшін колайлы биологияландырылған өсіру технологиясы нактыланған. Сонымен катар, облыс жағдайында күнгірт қара-коңыр топырақтың көрсеткіштерін жақсартуда мақсарыны жасыл тынайтқыш немесе фитомелиорант ретінде пайдалану тиімді екенін салыстырмалы түрде

			дәлелдеген және сыни талданған.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа.	<p>Зерттеу барысында алынған фылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңашыл сипатын көрсетеді. Зерттеулер негізінде БҚО үшін мақсарының тиімді себу нормасы мен биологияландырылған технологиясы ұсынылған.</p> <p>Зерттеу мен қағидаттардың тағы бір жаңашыл ұтымды тұсы -мақсарыны фитомелирант ретінде пайдалану мүмкіндігі.</p>
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа.	<p>Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа.</p> <p>Алғаш рет БҚО жағдайында мақсарыны 1 гектарға 500 мың дана өнгіш тұқымы себуге болатындығы, сонымен қатар мақсарыны өсіруде биологияландырылған технологияны пайдалануға болатындығы және дақылды жасыл тыңайтқыш ретінде пайдалануға мүмкін екендігі анықталған.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа.	<p>Технологиялық және экономикалық тұрғыда алынған нәтижелер толығымен жаңа шешімге ие.</p> <p>Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде мақсары технологияларын пайдалану ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мақсарыдан майлылығы 28-32% болатын 7-8 ц/га өнім алуға мүмкіндік беретіндігі, мақсарыны өсіру технологиясы Батыс Қазақстан облысында азық-түлік кауіпсіздігін қамтамасыз етіп, май тапшылығы және топырак құнарлылығын арттыру проблемаларын шешуге мүмкіндік беретіндігі анықталған.</p> <p>Сонымен қатар мақсарыны фитомелирант ретінде пайдалану Батыс Қазақстан облысының күнгірт кара-қоныр топырағының көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік беретіні фылыми дәлелденген.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлықкорытындылар арғылымитұрғыдан қараладаауқымдың әлелдемелерденегіз делген.	<p>Зерттеулер барысында алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған фылыми деректер мен корытындылар фылыми-практикалық тұрғыда құнды болып саналады және койылған мақсат пен міндеттердің толығымен орындалғандығын көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған фылыми нәтижелердің логикалық байланысы және фылыми тұрғыда құндылығы бар екендігі айқын.</p>

7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелдені.</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1) ия.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия.</p>	<p>Корғауға шығарылатын диссертация қағидаттары.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Батыс Қазақстан облысы жағдайында мақсарының себу нормасына байланысты өнімділігі мен өнім сапасы;</li> <li>- Батыс Қазақстан облысы жағдайында мақсарының био-препараттар мен био-органикалық тыңайтқыштарға байланысты өнімділігі мен өнім сапасы;</li> <li>- Батыс Қазақстан облысының күнгірт кара-коныр топырағының көрсеткіштеріне мақсарының фитомелиоративтік әсері;</li> <li>- Мақсарыны өсіру технологиясы элементтерінің экономикалық тиімділігі.</li> </ul> <p>Корғауға шығарылған әр қағидат дәлелденген.</p> <p>Тривиалды емес.</p> <p>Диссертация қағидаттарының қолдану аясы өте кең. Зерттеу нәтижелері «Агрономия» мамандығы бойынша 6B08100 бакалавриат, 7M08100 магистратура және 8D08100 докторантураларда бағдарламаларының оку үрдісінде мамандар даярлауда қолданылады. Зерттеу нәтижелері Батыс Қазақстан облысы, Байтерек ауданы, Трекино ауылы, «Дәуқара» шаруа қожалығында өндіріске енгізілген.</p> <p>Диссертация қағидаттары толығымен мақалаларда дәлелденген. Диссертацияның тақырыбына сәйкес жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 15 ғылыми жұмыс жарияланған.</p> <p>Сонымен катар зерттеулер негізінде даярланған 1 ұснының жарық көрген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұснынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс қойылған теориялық және практикалық максат пен міндеттерді шешуге бағытталған. Әдістеменің таңдауы дұрыс негізделген және әдіснама толығымен нақты жазылған. Диссертацияда мақсарының өсіл-өнуін зерттеуге арналған қолданыстағы әдістеме қолданылған.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылығыны зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) ия.</p>	<p>Қазіргі таңда дала тәжірибелеріндегі өнімділік деректерін статистикалық өндеудің кең таралған және жетілген әдістерінің бірі дисперсиялық талдау болып табылады. Зерттеулерде нәтижелерді статистикалық өндеу компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, Доспеховтың дисперсиялық талдау әдісімен жүргізілген. Диссертация нәтижелері қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қолдану арқылы талданған. Соның ішінде, статистикалық графиктер өрнектеу үшін қолданылған Statistica 6.0 бағдарламасын, регрессиялық талдау және заманауи ANOVA тест әдістерін атауга болады.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) ия.</p>	<p>Теориялық қорытындылар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу деректеріне сәйкес Батыс Қазақстан облысында мақсарының биологиялық ерекшеліктері мен өсіру технологиясына және күнгірт қара-қоныр топыракты фитомелиорациялауды үйымдастыруға катастырылған мәліметтер алынды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімдіғыны әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>	<p>Зерттеу және әдебиетке шолу барысында пайдаланылған материалдар мен дереккөздеріне диссертация барысында толығымен сілтемелер келтірілген және расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті және 184 атауды құрайды.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті және 184 атауды құрайды.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияның теориялық маңыздылығына БКО жағдайында өсімдік шаруашылығын әртараптандыру мақсатында мақсарының себу нормасын зерттеу, сонымен қатар дақылды өсіруде биологияландырылған технологияны пайдалануды зерттеу барысында алғынған дақылдың биологиялық ерекшеліктері, фотосинтетикалық қабілеті, сакталу қарқыны, майлышығы мен өнімділігі, сонымен қатар мақсарының фитомелирант ретінде топырак көрсеткіштеріне әсері сияқты құндығының деректерді жатқызуға</p>

			болады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Ұсынылып отырған агротехникалық амалдардауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне максарыдан майлылығы 28-32% болатын 7-8 ц/га өнім алуға мүмкіндік береді. Мақсарыны өсіру технологиясы Батыс Қазақстан облысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, май тапшылығы және топырак құнарлылығын арттыру проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.		
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа.		Диссертациялық зерттеулер аясында алынған ғылыми нәтижелер негізінде ұсынылып отырған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Алғаш рет БҚО жағдайында тауар өндірушілер май дәні ретінде өсіру үшін мақсарыны 1 гектарға 500 мын дана тұқым есебімен егуге болатындығы, дақылды өсіруде биологияландырылған технологияны пайдалануға және максарыны жасыл тыңайтқыш ретінде колдану мүмкін екендігі жөнінде құнды ұсыныстар берілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары.	Диссертациялық жұмыс өз бетінше орындалған, білікті де мазмұнды жазылған, толығымен аяқталған ғылыми еңбек болып саналады. Академиялық жазу сапасы жоғары. Өзектілігі, қойылған мақсат және міндеттердің толығымен орындалуы, ғылыми жаңашылдығы, теориялық және практикалық маңыздылығытұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін қойылатын талаптарға толығымен сай.

**Шешім:** 8D08100 – «Агрономия» мамандығы бойынша Берекетова Айнұр Мәліккызы философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

«С. Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАК  
Агрономия факультетінің деканы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
профессор

03.01.2024 ж.

“С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетті” коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Г.Ж. Стыбаев

қолын растаймын:

Фурсанов Е.А.

